

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ БАӘ САПАРЫ



28 наурыз күні Өзбекстанның президенті Шафқат Мирзиеев ресми сапармен Біріккен Араб әмірліктеріне келді. Шафқат Мирзиеев Абу-Даби әмірлігінің мұрагер ханзадасы Шейх Мұхаммад бин Заид әл-Нахаянмен кездесті. Сондай-ақ Дубаида БАӘ вице-президенті, премьер-министрі, Дубаидің әмірі Шейх Мұхаммад бин Рашид әл-Мақтұммен және басқа да ресми өкілдермен кездесу өткізді. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым - қатынас 1992 жылдан бері орнаған. Бүгінде Өзбекстанда БАӘ қатысуымен 107 кәсіпорын жұмыс істейді. Олар негізінен мата өндірісі, құрылыс материалдарын жасау, баспа ісі және сауда-саттық сияқты салаларда. 2018 жылы екі ел арасындағы сауда көлемі 400 миллион АҚШ долларына жеткен.


РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚЫРҒЫЗСТАНҒА САПАРЫ



28 наурыз күні Қырғызстанға Ресей президенті Владимир Путин мемлекеттік сапармен келді. Сооронбай Жээнбеков пен Владимир Путин арасында өткен келіссөздердің қорытындысы бойынша 17 құжатқа қол қойылып, 6 миллиард АҚШ доллары көлеміндегі келісімдер бекітілді. Бұған қоса Ресей Қырғызстанға қайтарымсыз көмек ретінде 30 миллион доллар беретіні туралы мәлім болды.

Сооронбай Жээнбеков: "Ресей федерациясы біздің жақын, сенімді және адал одақтасуымыз әрі ұзақ мерзімдегі стратегиялық әріптесіміз. Біз оның ортақ қауіпсіздікті нығайтуда, ғаламдық және аймақтық проблемаларды шешуде жетекші рөл атқаратынын мойындаймыз. Ресейдің жетістігіне әрқашан қуанамыз" деп мәлімдеді .

ҚЫРҒЫЗСТАН МЕН БАШҚҰРТСТАН ӘРІПТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУДА



28 наурыз күні Башқұртстан Республикасы басшысының қызметін орындаушы Радий Хабиров Қырғыз Республикасында болып, Қырғызстанның премьер-министрі Мұхаммедқалы Абылғазиевпен кездесті. Кездесу барысында Қырғызстан мен Ресей арасындағы аймақаралық сегізінші конференцияның қорытындылары сөз болды. Мұхаммедқалы Абылғазиев Радий Хабировты Башқұртстан Республикасының құрылғанына 100 жыл толуымен құттықтады. Кездесу барысында сондай-ақ өзара сауданы дамыту және екіжақты байланыстарды нығайту жолдары қаралды.

ГРУЗИЯДАН ӘЗЕРБАЙЖАНҒА БАКУ-ТБИЛИСИ-КАРС ТЕМІР ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗЫ ЖҮРЕ БАСТАДЫ



28 наурыз күні Грузиядан Әзербайжанға Баку-Тбилиси-Карс темір жолы арқылы алғаш рет жолаушы пойызы жүре бастады. 10 вагоннан тұратын поезды швейцариялық компания жасап шығарған. Құрам 9 жолаушылар вагонынан және 1 вагон – ресторанның тұрады. Вагондарда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да барлық жағдай жасалған. Поез Бакуге 29 наурыз күні таңертең келіп жетті. Келісімшарт бойынша швейцариялық өндірушілер «Әзербайжан темір жолдары» компаниясы үшін тағы 30 вагон жасап шығаруы керек.